

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА



Зейнулина  
Айгерим  
Сейткалиевна,  
тәрбиеші №51  
бөбекжай-  
бакшасы

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі концепциясының жағдайлары қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған дәуірдің талаптарымен үндес келеді деп айтуымызға болады. Бұл жағдайлар бөбектердің ана тіліне қаршадайынан қанығып, оны уыздай меңгерулеріне, бар байлығын бойларына ана сүтіне сіңіріп, дамыта түсулеріне, сөйтіп рухани дүниесінің кеңі түсуіне жол ашады. Баланың әлеуметтенуі қашан, қайда басталады?

Әрине бірінші отбасында және балабақша келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді.

Ата – аналардың қатты қобалжулары балаларды балабақшаға қиын бейімдейді, өйткені ата - ананың қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Ертенгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.
- Балаңыз сізге сенсін десеніз, балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.
- Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатыңыз.

Балабақшаға бейімделу кезеңнің ұзақтылығы үш дәрежеден тұрады.

- жеңіл
- орташа
- күрделі

Балабақша қызметкерлерімен тығыз байланыста болу. Баланы бірте-бірте балабақшаға үйрете беріңіз. Тәрбиешілерге баланың әдеттері мен қылықтары жайлы хабарлаңыз. Балаға балабақшада не күтіп тұрғанын айтып отырыңыз. Балаға зейінді, жанашыр және сабырлы болыңыз.

Біз жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа ғасырда өркениетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз. « Балаға білім беру үшін ең алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім, ол ертең бір апатқа әкеп соқтырады» – деген, данышпан ойшыл ғалым Әбу Насыр әл – Фараби.

